

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Қуралай» балабақшасы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12 - 15.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Уалиева Дария

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізу және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсетуге,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекшіге жүктелген міндеттерді өз бетімен және адал орындауға тәрбиелеу (кезекшінің киімін

басқалар)	көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына деген құрметпен қарауды үйрету. (еңбек дағдылары)	шкафтардағы тәртіпті сақтау. (еңбек дағдылары)	ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу. (еңбек дағдылары)	сақтау, шаңды сүрту. (еңбек дағдылары)	дұрыс киіндіру, қолын жуу, ыдыстарды қою, үстелден және үстелдің астынан жинау). (еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру. "Мемлекеттік рәміздер". Мақсат-міндеттер. Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Қуырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек,	Санамақтар айтқызу. "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу "Шырша бұтасында	"Желбірейік туымыздай!" - Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды қолымызға алып, сергіп алайық. Желбірейік туымыздай! (қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды желбіретеді), Тәуелсіздік теңіміз (қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді). Татулығы желбіреген (қолдарын жанына	"Ретімен орналастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) "Топ-топ басайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінде айтылған сөздерге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету . Топ, топ, топ, топ басайық, (Шеңберге

		Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат. (сөйлеуді дамыту)	ілінген шар". Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала сызбалы түрде салынған шырша (инелерсіз) бұтағының және дөңгелектің (шырша шары) сұлбасы үстінен фломастермен басып, суретті жасыл инелер мен қызыл шар элементтерімен толықтыруға үйрету. Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".	жіберіп, жалаушаларын желбіретеді), Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жоғары қарай желбіретіп көтеру). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Құрастырудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен таныстыру, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортаға қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын	тұру) Жалаудан күн жасайық. (Қолдарын көтеру) Жаса, жаса, алтын күн! (Бір орында аяқты нық басып жүру) Жаса, жаса, алтын күн! Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: "Тоқта!». Балалар баяулап, тоқтайды. Ойын қайталанады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	--	--	---	--	--

				кұрастыруға үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату.	
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен). 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үйрету. Педагог: - Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Ойынның шартын тыңдаңдар. Тақтадан көптеген белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасыңдар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасыңдар. Педагог балалармен бірге ойынды	"Біздің ел" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін кеңейту. Барысы: педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұрақтар қояды. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап етеді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысыз, қайрымды Аспан ата! Армысыз, мейрімді Жер - Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Қуан, шаттан алақай! (сөйлеуді дамыту)	Шаттық шеңбері Патриоттық сезімді арттыруға, Отан туралы бейнефильм көрсету, тақпақ жаттау, ән айту. (музыка, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)
--	---	---	--	---	---

	қадағалап отырады, соңында жақсы ойнаған балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге үйрету.	Дене шынықтыру "Жайна елім менің!" Мақсат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру жаттығуын орындау; жүгіру кезінде балалардың бір-біріне соғылып қалмауы үшін арақашықтық сақтап жүгіруге жаттықтыру және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі	Музыка "Тәуелсіз елім" Мақсат-міндеттер. Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда	Дене шынықтыру "Мен - чемпион". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен	Қазақ тілі «Дана көшеге шығу үшін не киеді?». Киімдер. Мақсат-міндеттер. Ересек адамның көмегімен шағын өлеңді жаттау, жаттау барысында өлеңнің мазмұнына өз қарым-қатынасын жеткізе білуді үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс

		бойынша тез ауысу дағдыларын жетілдіру.	дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы пен зейінін дамыту.	лақтыру, допты қағып алу машықтарын дамыту.	айтуды (атауды) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту. Ойын жағдаятына сәйкес сөз және сөз тіркестерін дұрыс қолдана білу дағдыларын дамыту. Диалогтық сөйлеу негіздерін, есту және көру арқылы қабылдауын, зейінін, ойлау қабілетін, эмоцияналдық қабылдауын дамыту. Қысқы мерекелерге деген жағымды қарым-қатынасын дамытып, достыққа тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Әуе көліктерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу,	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Қардағы құстардың іздерін бақылау. (қоршаған ортамен	Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу,

	сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның қолданылуы және мақсаты туралы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қар жауғаннан кейін жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қозғалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын	дамыту) Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан құрылыстар жасау). Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыс жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасай білуге баулу.	танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін кеңейту, қай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау). Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға - торғай". Мақсат-міндеттер: мұқият тыңдап, бұйрық бойынша	дамыту) Мақсат-міндеттер: қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері) Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде».
--	---	---	--	---	---

	әрекеттері: сызықтар арасында жүру (10-15 см). (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту және жетілдіру.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: жылан секілді қозғалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозғалуға үйрету.	әрекеттерді орындау; достық қарым-қатынасты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір кесек қармен нысанаға тигіз. Мақсат-міндеттер: лақтыру күшін дамыту.	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.	(дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек іс-әрекеті) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен
--	--	---	---	---	---

					ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Маса мен аңдар» ертегісін оқып беріп,	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Жер кіндігі» ертегісін тыңдату.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын қарыз» ертегісін тыңдату.

		балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	(BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	«Айым болып тудың ба». (музыка)	(BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда, бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Орман шыршасы". Мақсат-міндеттер. Балаларда "биік", "аласа" ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру; заттардың биіктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аяз өрнектері". Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыстары туралы көркем сөздер мен жұмбақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау,	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Аяз ата туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпақпен таныстыру; көркем сөзді мәнерлеп оқу үлігімен таныстыру. Музыкадан ойын-	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, қардың қасиеттері туралы білімдерін	Дамытушы жаттығу. "Бауырсақтың жолы". Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табакшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір

	кеңейту; жабайы аңдардың қысқы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Биік шыршаны табайық". Пантомима ойыны."Қонжықтар". Мақсат-міндеттер: пантомима дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	тұжырымдар жасау дағдыларын және зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен қабылдау қабілетін дамыту. Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». Шарты. Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезегі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады.	жаттығу "Жасыл шырша жанында". Мақсат-міндеттер. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне	қалыптастыру; қардың қасиеттерін атай білуге үйрету. Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қаракұлак» ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу. Шарты. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар	бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және оң жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан. - Балалар, алдарында Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженің үйінен басталып, аңдардың жанынан өтеді. Қолдарыңа боршаларды алып, Бауырсақтың жолын бір аңнан екінші аңға жүргізіп, төмен қарай жіберіңдер. Балалар қарындашпен үйден Бауырсаққа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады. (қоршаған ортамен
--	---	---	--	---	--

		Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. (дене шынықтыру)	тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. "Тәтті бал" тілге арналған жаттығу.	қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі. Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады. (дене шынықтыру)	танысу) Вариативті компонент/Әлеумет «Аспазшы жұмысымен таныстыру, тамақ беретін ыдыс жасау» Мақсаты: Балалардың жеке еңбек прпцесстері туралы ойларын дамыту. Аспазшының қандай жұмыс атқаратынын, еңбек нәтижесін көрсету. Оған еңбекте қандай құралдар керектігін түсіндіріп көрсету.
Балалармен жеке жұмыс	Жаттамақ жаттығуы. Мерекеге шығады, Бүкіл халық, біліп қой.	"Шалқан" ертегісін драматизациялау. Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған	"Түлкілер мен тауықтар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді,	"Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұрғызып,	Саусақ жаттығуы. "Кірпі". Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің

	Отандастар ұғады, Тәуелсіздік – ұлық той! (сөйлеуді дамыту)	шараларға деген қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	ептілікті дамыту. Барысы: бөлменің бір шетінде тауық қорасындағы тауықтар мен әтештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен әтештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Түлкі оларға жақындағанда әтештер: "Ку-ка-ре- ку!" деп айқайлайды. Бұл белгі бойынша барлығы тауық қорасына жүгіреді, олардың артынан түлкі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. (дене шынықтыру)	белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта ғана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ жеңген болып есептеледі. (дене шынықтыру)	жүрісін салады). Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер;				

	шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Туған жерім тамаша" тақырыбына көрме ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. Мысалы "Ойыншықты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін. Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындай болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту.	"Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі.	Ата-аналармен әңгіме жүргізу: "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек?"

		жайында балаға түсіндіру, ұғындыру.			
--	--	--	--	--	--

Тексерген әдіскер Конопьянова А.К.

А.К. Конопьянова